

Бюджетті бекіту – ауданның дамуына серпін беретін маңызды әрі жауапты іс

Аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың сегізінші шақырылымының кезекті отыз алтыншы сессиясы өз мәресіне жетіп, сессия жұмысына аудан басшысы Ардақ Смайылов қатысты. Сонымен қатар, кезекті сессияға аудан әкімінің орынбасар-

лары, облыстық мәслихат депутаты, құқық қорғау органдарының басшылары, Макинск қаласының және ауылдық округтердің әкімдері, мекеме және ұйым басшылары, бөлім басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі шақырылды.

Сессия барысында қаралған негізгі сұрақ - 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджетті бекіту туралы. Ол бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Валентина Гылка баяндады. Ауданның басты қаржы құжатының кураторы ретінде Валентина Николаевна ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары бойынша мемлекеттік қаржының қандай мақсаттарға бөлінетінін атап көрсетті. Бюджетті жоспарлаудың басты мақсаты – ауданның тұрақты дамуын қамтамасыз ету, әлеуметтік саладағы жобаларды қолдау, инфрақұрылым мен тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру. Әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және ауылдық елді мекендерді дамыту бағыттарындағы жоспарланған

іс-шараларға нақты бюджеттік қолдау қажет екені даусыз. Сондай-ақ, аудандық бюджеттен бөлінген әрбір қаражаттың тиімді әрі ашық жұмсалуды, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға нақты үлес қосуы – жергілікті атқарушы билік пен депутаттық корпусының басты назарындағы мәселе екені жасырын емес. Аудандық мәслихат депутаты аудандық бюджетті бекітуді бірауыздан қолдап, дауыс берді. Халық қалаулыларының атынан сөз алған депутат Әлішер Кенжеғалиев аудандық бюджетті бекіту кезінде атқарылған жұмысқа оң баға беріп, барлық алға қойылған жобалардың жүйелі түрде жүзеге асырылатынына зор сенім білдірді. Әрі қарай сессия жұмысы жалғасын тауып, экономика және бюджет, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары мәселелері

жөніндегі Бұланды аудандық мәслихатының тұрақты комиссияның 2025 жылдағы есебін оның төрағасы Әлішер Кенжеғалиев ұсынды. Комиссияның 2025 жылы атқарған қызметі берілген өкілеттіктер аясында ауданның стратегиялық міндеттерін

іске асыруға, бюджетті тиімді жоспарлауға және оның орындалуын бақылауға бағытталғанын баса айтқан Әлішер Жәнібекұлы ағымдағы жыл қаржылық шешімдер қабылдау қарқынының жоғарылығымен ерекшеленгенін де мәлімдеді.
(Жалғасы 2 бетте).



Басты шыршаның шамдары жағылды

Жаңа 2026 жылға санаулы күндер қалды. Адамдардың басым көпшілігі жақындарына сыйлық іздеп, үйді безендіріп мерекелік көңіл күймен жүр. Балалар қауымы болса, білім ордаларында өтетін танертеңгіліктерге қатысуды асыға күтіп, жаңа жылдық костюмдер дайындауда. Жаңа жыл мерекесіне орай ауданымыздың орталық алаңында өткен аптада салтанатты кеш өз мәресіне

жетіп, қала тұрғындары мен қонақтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Күннің суықтығына қарамастан мұз қалашығын тамашалауға ниеттенген тұрғындар саны аз болмады. Іс-шараға аудан әкімі Ардақ Смайылов қатысып, жұртшылықты келе жатқан 2026 жылмен құттықтап, жерлеріне келер жылы денсаулық пен бақыт, ырыс пен береке, қажымас қайрат пен жемісті жұмыс тіледі. Орталық алаңында

орнатылған ауданның басты шыршасы жағылып, мерекелік кешке Аяз Ата мен Ақшақар ерекше сән беріп, үлкендер мен балалар қауымы шыршаны айналып ән шырқады. Тұрғындардың көңілін көтеріп, қуаныш сыйлаған шырша жағу рәсімі әсерлі отшашуға ұласты. Ата-аналар мен балақайлар бас шыршаның маңында суретке түсіп, отшашу тамашалап мәресі болды.



Зажались огни главной новогодней елки

До Нового 2026 года осталось всего несколько дней. Для многих это время знаменуется приятными хлопотами: большинство людей покупают подарки для своих близких, украшают дома и погружаются в праздничную атмосферу. Дети с нетерпением ждут новогодние утренники, чтобы облачиться в красочный новогодний костюм, вновь встретиться со своими

любимыми сказочными персонажами, поводить веселый хоровод вокруг лесной красавицы и получить сладкие подарки от Деда Мороза и Снегурочки.

Конец минувшей недели ознаменовался для буландынцев праздничным мероприятием, прошедшим на центральной площади города Макинска по поводу зажжения главной елки

района, который смог подарить жителям и гостям города праздничное настроение. Несмотря на морозную погоду, центральная площадь в этот день была многолюдной. Присутствовавший на празднике аким района Ардақ Смаилов поздравил буландынцев с наступающим 2026 годом, пожелав землякам крепкого здоровья и семейного счастья, процветания в

делах и достатка в домах, неутомимой энергии и плодотворного труда в предстоящем году. Главная новогодняя елка района, установленная на центральной площади, была зажжена, а основные персонажи Нового года – Дед Мороз и Снегурочка - создали особую атмосферу, вместе с гостями вечера водили хоровод вокруг зеленой красавицы, которая зажглась яр-

кими огнями. Также стоит отметить, что территория вокруг елки украшена архитектурными формами и световыми инсталляциями.

Церемония зажжения новогодней елки завершилась впечатляющим фейерверком, сияющие и красочные огни которого олицетворяли надежду и веру в светлое будущее.

А. АМАНЖОЛОВА.



МЕРЕКЕЛІК АПТА – ПРАЗДНИЧНАЯ НЕДЕЛЯ

Бюджетті бекіту – ауданның дамуына серпін беретін маңызды әрі жауапты іс

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Бюджет – аудан дамуының іргетасы, сондықтан бұл мәселе комиссия жұмысының басым бағыты болды.

Ұсынылған есеп бойынша тек бюджеттік мәселелерге арналған 9 сессия өткізіліп, оның ішінде: 2024 жылғы аудан және ауылдық округтер бюджетінің орындалуы бойынша кезекті сессия; аудан және төртінші деңгейдегі бюджеттер бойынша мәслихат шешімдеріне жедел түзетулер мен нақтылаулар енгізуге арналған 8 кезектен тыс сессия өз мересіне жеткен.

Бюджет мәселелеріне тікелей қатысты 59 шешім қабылданған.

Депутаттардың бюджеттік өтінімдерді қалыптастыруға қатысуы барысында инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, жолдарды жөндеуге және әлеуметтік нысандарды қолдауға баса назар аударылды.

Сонымен қатар, комиссия тек кабинет ішінде ғана жұмыс жүргізумен шектелген жоқ. Депутаттар облыс әкімдігімен бекітілген төтенше жағдайлар жөніндегі үш жылдық кешенді жоспардың жүзеге асырылуын тексеру мақсатында көшпелі отырыстар өткізді. Маңызды атап өтер жайт – бақылау функциясымен қатар, нақты көмек те көрсетілді. Маслихат депутаттары су тасқыны кезеңінде демеушілік көмек көрсетті: техникамен, жанар-жағармаймен қамтамасыз етті, жару жұмыстарын ұйымдастыруға атсалысты, төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі штаб жұмысына қатысып, мемлекеттік органдармен, төтенше жағдайлар қызметімен және халықпен өзара іс-қимылды үйлестіруге белсенді қатысты.

«Макинск Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығында қызметі тұрақты бақылауда. Жергілікті бюджеттен жылыту маусымына және жөндеу жұмыстарына бөлінген әрбір теңгенің жұмсалыуына бақылау жүргізіледі. Материалдық-техникалық базаны нығайту және ағымдағы жөндеу жұмыстарына аудандық бюджеттен 277 миллионнан астам қаражат бөлінді. Қазан айында Заводской микрорайонында орталық жылыту нысаны ашылып, іске қосылды. Бұл 30 жыл ішінде тұрғындардың үйлеріне орталық жылу жүйесі арқылы жылу келген нағыз мереке болды. Бұл – жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, депутат корпусының және атқарушы биліктің жүйелі және бірлескен жұмысының нәтижесі, тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге және олардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды шара.

2025 жылы депутаттар бірқатар маңызды жүйелі өзгерістерді бастады: депутаттардың бастамасымен 2025 жылғы бюджетті жоспарлау кезінде ауыл шаруашылығы жерлерін инвентаризациялау үшін қаражат бөлінді. Биыл алғаш рет Бұланды ауданында ауыл шаруашылығы тағайындалған жерлерді инвентаризациялау жұмыстары басталды. Бұл жер мәселесін реттеуге және ресурстардың мақсатсыз қолданылуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Биылғы жылдың ауыз толтырып айтатын жетістіктердің бірі –



ауданымыздың ауыл шаруашылық саласында күзгі орақ науқаны кезінде өнім жинауда сенімді түрде алдыңғы қатарға шығып, гектарға 25 центнер деген тамаша көрсеткіш көрсеткені. Жиналған өнім азық-түлікпен тұрақты қамтамасыз етуді қамтамасыз етіп қана қоймай, аудан ауылшаруашылығының әрі қарай дамуы үшін сенімді негіз болады.

Кәсіпкерлік саласындағы маңызды мәселелердің бірі — маслихат депутаттарының шағын және орта бизнеске арналған жеңілдетілген декла-

рация негізінде арнайы салық режимінің мөлшерлемесін 50%-ға төмендету туралы шешім қабылдауы болды. Бұл аудан кәсіпкерлігінің дамуына нақты үлес болып табылады.

Жұмыстың басты мақсаты – тұрғындардың әл-ауқаты. Биыл Бұланды ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын беру жаңа ережелері бекітілді. Депутаттардың шешімімен тұрғын үй сатып алуда әлеуметтік қолдауға үміткер азаматтардың санаты анықталды және осы төлемнің мөлшері белгіленді. Енді аудан тұрғындары, тұрғын үйге мұқтаждар, мемлекет тарапынан қаржылай көмек алудың нақты тетігіне ие болды.

Сонымен қатар, депутаттар мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына, ауылдық елді мекендерде тұрып, жұмыс істейтіндерге коммуналдық қызметтерді төлеу және отын алу үшін әлеуметтік қолдау көрсетуге қаражат бөлу туралы шешімді қолдады. Осы шешімді жүзеге асыруға 2025 жылғы аудан бюджетінен қосымша 1 млн 238,6 мың теңге қарастырылған.

2026 жылға ауылдағы дәрігерлерге, мұғалімдерге, мемлекеттік қызметкерлерге және мәдениет саласының мамандарына арналған ауқымды шаралар пакеті жоспарланған: жәрдемақы ретінде 432 500 теңге төлеу; тұрғын үй сатып алуға арналған 8 650 000 теңгеге дейінгі бюджеттік кре-

диттер.

Жол құрылыс және абаттандыру саласында бірнеше маңызды жобалар жүзеге асырылды. Жөндеу жұмыстары жүргізіліп қана қоймай, жаңа нысандардың құрылысы да басталды. Осы саладағы жетістіктерге тоқталсақ: Вознесенка ауылында көпір құрылысы толығымен аяқталды, қаланың көшелерінде 7000 шаршы метр аумақта жол шұңқырларын жөндеу жұмыстары жүргізілді. Московская көшесінде орташа жөндеу жасалып, асфальтбетон төселді.

Қалалық парк абаттандыру жұмыстары аяқталуға жақындап келетінін мәлімдеген Әлішер Жәнібекұлы Никольское ауылындағы мәдениет үйінің құрылысы мен Қараөзек ауылындағы мәдениет үйінің жөндеуі бойынша қолайсыз жағдай қалыптасқанын да тілге тиек етті.

2025 жылы тұрақты комиссияның жұмысы мазмұнды әрі нәтижелі болғаны сөзсіз. Депутаттық іс-шараларда тек белгілі көрсеткіштер қаралып, сандар бекітіліп қойылған жоқ, бастысы -аудан тұрғындарының мүдделері қорғалды.

2026 жылға аудандық мәслихат аппаратының құрылымы мен штатын, қызметін қамтамасыз етуге және оның аппаратын ұстауға жұмсалатын шығынды бекіту, аудандық мәслихатының 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы сұрақтар алдын-ала өткізілген депутаттық сағатта қаралып, олар бойынша тек шешімдер қабылданды.

Оған қоса аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі сұрақ бекітілді.

А. АМАНЖОЛОВА.



Бұланды ауданында оқушылар «Жас Ұрпақ» қатарына қабылданды

Бұланды ауданының білім бөлімі мен аудандық прокуратураның бірлесіп ұйымдастыруымен мектеп оқушылары «Жас Ұрпақ» қоғамдық ұйымының қатарына салтанатты түрде қабылданды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік рухты, құқықтық мәдениетті, заңға құрмет пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру. Шараға аудандық прокуратура өкілдері, білім бөлімі қызметкерлері, мектеп мұғалімдері, оқушылар қатысты.

Кездесу барысында прокуратура қызметкерлері оқушыларға заң талаптарын сақтау, құқықтық тәртіптің маңыздылығы және қоғамдағы жастардың рөлі туралы түсіндіру жұмыстарын

жүргізді. Сонымен қатар, оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беріліп, саналы әрі белсенді азамат болудың маңыздылығы атап өтілді.

Салтанатты қабылдау рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар «Жас Ұрпақ» ұйымының мүшесі бола отырып, елінің адал азаматы болуға, заңды құрметтеуге және білімге ұмтылуға серт берді.

Ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, білім беру ұйымдары мен құқық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

А. АМАНЖОЛОВА.

Ақыл-ой спортынан аудандық турнир

Адамның ақыл-ойын, ойлау қабілетін және саусақ моторикасын дамытатын спорттық ойындардың бірі – дойбы. Қазақ даласына келген сауда керуендерімен келіп тамыр жайған дойбы ойынының тарихы тереңде жатыр. Аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және

спорт бөлімінің ұйымдастыруымен дойбыдан аудандық турнир өтті. 85 жастағы абыз ақсақалдардан бастап жастарға дейін қатысқан жарыс тартысты өтті. Турнир қорытындысы бойынша 1-орынды Жансейіт Түкібаев иеленсе, 2-орын Аманбек Шайхысламға бұйырды.

Ал, жүлделі 3-орынды Магомед Шакириев қанжығалады.

Ауданымызда дойбы, шахмат ойындарының тамырына қан жүгіртіп, түрлі жарыстардың ұйымдастырушысы 85 жастағы Байболат Бүткейұлы. Өзі де шахмат, дойбы ойындарының

жанашыры, облыстық қарттар арасында өткен жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы. Жастарды ақыл-ой спортына баулып, әлі күнге дейін ақыл-кеңесін айтып келеді.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Слышащее государство начинается с внимания к проблемам сельской глубинки

В сентябре этого года на страницах районной газеты вышла статья под названием «В атмосфере ностальгии, тепла и незабываемых эмоций» о встрече выпускников 1976 года Отрадненской восьмилетней школы – уроженцев села Тастыозек. В ней рассказывалось, как бывшие ученики школы из сельской глубинки – ныне представители мудрого возраста, – встретились в родной школе, с большим трепетом и волнением ходили по родным улицам, провели субботник, вспоминали школьные годы. Но еще в данном материале были затронуты и социальные темы, касающиеся непосредственно жизни села Тастыозек. Это состояние здешних коло-

цев, некогда обеспечивавших все село чистой водой; проблема сельской дамбы, разрушенной течением талых вод в результате весенних паводков и которая требовала восстановления, ведь это не только социальная, но и экологическая опасность; вопрос качества дороги от села Вознесенка до села Тастыозек, которая имеет стратегическое значение для каждого сельчанина. Недаром дороги, связывающие один населенный пункт с другим, в народе именуют «дорогами жизни». И, поднимая эти наболевшие для всех жителей села Тастыозек вопросы, выпускники 1976 года проявляли, конечно, свою гражданскую ответственность перед односельчанами, ведь пока на селе будут планомерно решаться насущные проблемы, тем оно дальше будет жить и процветать.

И вот на днях в редакцию пришла весть о том, что вопросы, которые были подняты во время летней встречи выпускников, вызвали оперативную обратную связь с стороны местной исполнительной власти в лице акима района Ардака Смаилова. Поделится этой хорошей новостью уроженец села Тастыозек, выпускник Отрадненской восьмилетней школы, внук прославленного борца казахской земли Балуана Шолака Шай-

дулла Шолахов. Как нам поведал Шайдулла Кудайбергенович, были приняты меры по восстановлению колодцев и местной плотины, взят на контроль вопрос состояния межпоселковой дороги и дороги, ведущей к месту захоронения великого сына казахского народа, нашего известного земляка – Балуана Шолака. Шайдулла Кудайбергенович при этом обязательно отметил людей, оказавших непосредственное содействие в решении вопросов. Директор Отрадненского государственного учреждения лесного хозяйства, депутат районного маслихата Алиби Жанболатович Оразбаев вместе с сотрудниками лесхоза безвозмездно отремонтировали 2 колодца, восстановили 2 плотины и мост в селе Тастыозек.

Когда общественная инициатива находит поддержку со стороны государственного органа – всегда очевиден положительный результат. Этот тандем – народ и власть – приводят к результатам, от которых польза получают обе стороны. Важно только понимать, что на решение некоторых вопросов нужна бюджетная поддержка, которая, несомненно, требует времени.

Как бы то ни было, хорошие новости уже есть, работа встала на

нужные рельсы, главная цель – дождаться поэтапного решения вопроса с дорогами.

За неравнодушие к народному гласу и внимание к чаяниям сельчан от имени выпускников 1976 года Отрадненской восьмилетней школы и жителей села в адрес акима района Ардака Смаилова было направлено благодарственное письмо.

А мы всегда рады таким информационным поводам, когда газета может выступить своего рода мостом для диалога, где поднимаются разные социальные темы. И, несомненно, рады вдвойне, когда поднимаемые вопросы находят свое решение...

А. АМАНЖОЛОВА.



Благодарственное письмо

Уважаемый Ардак Дулатович!

От имени выпускников 1976 года Отрадненской восьмилетней школы и жителей села выражаем Вам благодарность за своевременную организацию работ по ремонту плотин и колодцев в селе Тастыозек.

Село Тастыозек является одним из живописных мест Акмолинской области. Уроженцы поселка сегодня проживают как в ближнем, так и дальнем зарубежье и с пристрастием следят за судьбой своей малой Родины. Поэтому принятые Вами меры по восстановлению этих объектов, имеющих большое практическое и духовное значение для села, очень важны для нашего региона.

Также доводим до Вашего сведения, что жителей поселка беспокоит состояние дороги от села Вознесенка до села Тастыозек, что создает трудности в получении своевременной, квалифицированной медицинской помощи, полноценного образования наших детей и другие проблемы.

Кроме того, отсутствие современной дороги существенно влияет на имидж живописного края, так как рядом с поселком находится могила великого сына казахского народа, нашего известного земляка – Балуана Шолака, куда приезжают поклониться не только со всего Казахстана, но и стран зарубежья.

Учитывая Ваше внимание ко всем проблемам района, убедительно просим принять соответствующие меры по ремонту данной дороги.

Мы желаем Вам крепкого здоровья, благополучия и успехов в вашем труде во благо родного края и его жителей.

*С уважением, выпускники
Отрадненской восьмилетней школы
1976 года, жители села Тастыозек*

Ән әлемінің падишасы – Шәмші Қалдаяқов

Шәмші Қалдаяқов 1930 жылы 15 тамызда Шымкент облысының Отырар ауданындағы Шәуілдір ауылында дүниеге келген. Әкесі он саусағынан өнер тамған ұста, зергер болғанымен әншілікпен әуестігі жоқ еді. Шәмшіге бұл қасиет шешесінен, нағашыларынан дарыса керек.

Той думандарда анасының шырқап салған әндері қалың көптің құлақ құрышын қандырумен қатар, перзентінің жүрегіне нұр болып құйылған. Сөйтіп, Шәмшіге табиғи дарын ана сүтімен келген. 1947 – 1951 жылдары Сарыағаштағы Қапқанбек мал дәрігерлік техникумында білім алды. 1950 жылдардан бастап шығармашылық жұмыспен айналысқан.

1951–1953 жылдары Ресейдің Сахалин портында кіші офицер шенімен, әскери борышын өтеді. 1953–1962 жылдары Шымкент облысының Темір станциясында бір жыл клуб меңгерушісі қызметін атқарды. 1956 – 1962 жылдары Алматы консерваториясында оқыды.

1956 жылы 25 қазанда белгілі ақын Жүмекен Нәжімеденовпен бірлесіп, еліміздің қазіргі әнұранына айналған «Менің Қазақстаным» әнін жазды. 1961 жылы Жәмילה апаймен отбасын құрды. Екеуінен Мұхтар және Әбілқасым атты екі ұл бар.

1956 – 1961 жылдары Сазгердің жүзден астам тамаша туындылары дүниеге келді. Осы бес жылдағы әндері арқылы Шәмші Қалдаяқов бүкіл Қазақстанға аты танымал белгілі композитор болып үлгерді. Оның әндері той – думандарда, отбасылық, студенттік кештерде, жұмыс орнында, концерт эстрадаларында әуелете шырқалып жүр.

Танымал әндер жазудағы табысы үшін 1965 жылы Қазақстан комсомолы сыйлығының иегері атанды. 1973 – 1991 жылдары 18 жыл бойы Тараз қаласының маңындағы Дүңген ауылында оңаша өмір сүрді. 1991 жылы Қазақстанның «халық әртісі» атағын алды.

1992 жылы 29 ақпанда Алматыда ауыр науқастан қайтыс болды. Сүйегі «Кеңсай» зияратына жерленді. Ұлы композитордың артында үш жүзге жуық әсем әндері қалды.

Модельдік балалар кітапханасында қазақ музыкасының жарық жұлдызы, қазақ вальсінің королі - Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдық мерейтойына арналған «Ән әлемінің падишасы – Шәмші Қалдаяқов» атты әдеби-музыкалық кеш өтті. Әдеби-музыкалық кешке Макинск қаласының мектеп – гимназиясының 5-6 сынып оқушылары қатысты. Кешіміздің әсем бастамасында Қазбек Боранбайұлы Қалиев пен Жансейіт Наштенұлы Түкібаев Шәмшінің әндерінен құралған попури орындап, оқырмандарға ерекше әсер қалдырды. Іс-шара барысында кітапханашы сазгердің өмір жолы мен шығармашылығына тоқталып, туындыларының шығу тарихын айтып берді. Іс-шара қалалық мәдениет үйінің маманы Рауза Хамитқызы Киикованың жетекшілігімен «Ақ жаулық» халықтық көркемөнерпаздар ансамблінің орындауындағы «Қаракөз» әсерлі әнімен жалғасты. Бұл ән көрермендерді Шәмші әуендерінің сырлы әлеміне тағы бір терең бойлатты. Бұланды аудандық

«Аманат» партиясы филиалының төрайымы - Раушан Түркменбайқызы Хожабай сөз сөйлеп, жүрекжарды тілегін білдірді. Ильмира Жұмабайқызы Нургалиеваның жетекшілігімен «Радуга» би тобының «Қасиетті домбыра» биі іс-шараның жалғасын жандандыра түсті. Ал, кешіміздің ең әсерлі сәті – Мәулегүл Жолдасова Шәмші атамыздың әуендерімен өрілген «Бақыт құшағында» әнін мандолина атты шертіп ойнайтын шекті музыкалық аспаптың әуезді үнімен шырқап, залды ерекше сезімге бөледі. Әннің әуені мен сөздері тыңдарманды әдемі әсерге бөледі. Осылайша кешіміз жүрекке жылу сыйлап, көрермендер көкейіне ұмытылмас сәттер қалдырды. Кеш ұлы тұлғаға деген құрметіміз бен ризашылығымыздың белгісі болды. Кеш соңында қатысушылар мен көрермендер естелікке суретке түсіп, осы бір әсерлі сәттерді жүректің жылы бұрышында сақтап қалды.

Ж. КАЛИЕВА, Модельдік балалар кітапханасының маманы.



Біздің жеңімпаздарымыз!

Көкшетау қаласында қол күресінен Ақмола облысының чемпионаты аяқталды. Біздің аудан командасы үшінші орынға ие болды.

Жекелей сында Рустам Гизатулин, Владимир Хаданин және Артем Цымбал өз салмақ дәрежелерінде екінші орын алды.

* * *



Наши победители!

В Кокшетау завершился чемпионат Акмолинской области по армреслингу. Команда нашего района заняла третье место.

В личном зачете Рустам Гизатулин, Владимир Хаданин и Артем Цымбал заняли вторые места, каждый в своей весовой категории.

СОБ. ИНФ.

ІС-ШАРАЛАР, КЕЗДЕСУЛЕР – МЕРОПРИЯТИЯ, ВСТРЕЧИ

«Балдырған» балабақшасының ұжымына алғыс!

Балалық шақтың ең тәтті, ең жарқын кезеңдерінің бірі – балабақшадағы сәттер. Осындай жылулық пен шаттыққа толы әсерлі сәттерді бүлдіршіндерге сыйлап жүрген «Балдырған» балабақшасының басшысы Райхан Зейнуллақызына, «Балдәурен» тобының тәрбиешілері Шынар Бағдатқызына, Жұмагүл Жалғасқызына, тәрбиешінің көмекшісі Күлшәт Әзілханқызына, әдемі билерін билеткен Ильмира Жұмабайқызына және музыка жетекшісі Маржан Берекелді мен бүкіл әкімшілік ұжымына шын жүректен алғысымызды білдіреміз!

Жуырда өткен таңертеңгілік – топтың тәрбиеленушілері үшін ғана емес, ата-аналар үшін де үлкен мереке болды. Әрбір көрініс, әрбір ән мен биден тәрбиешілердің



кәсібилігі, шығармашылығы және шынайы махаббаты сезіліп тұрды. Балаларымызды сахнаға еркін, сенімді шығарып, бізге қуаныш сыйлағандарыңыз үшін зор ризашылығымызды айтамыз.

Осындай әсем қойылымдар арқылы балалардың бойына өнерге, еңбекке, бір-біріне деген құрметке тәрбиелеп, ұмытылмас естеліктер қалдырғандарыңыз үшін алғысымыз шексіз!

Сіздердің еңбектеріңіз әрдайым бағалана берсін, шығармашылық шабыттарыңыз сарқылмасын! «Балдырған» балабақшасы – бала жүрегіне жылу сыйлайтын нағыз мейірім ордасы!

Ізгі ниетпен, «Балдәурен» тобының ата-аналары атынан.



Елге деген сүйіспеншілік пен құрмет

Модельдік балалар кітапханасындағы «Елім-ай» клубының аясында «Тәуелсіздік – біздің басты құндылығымыз» атты әдеби-патриоттық сағат өтті. Іс-шараға Макинск қаласындағы № 2 жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушылары қатысты. Балаларға «Біз – ұлы елдің ұрпағымыз!» атты бейнеролик көрсетіліп, онда Қазақстан тарихының маңызды беттері мен Тәуелсіздіктің маңызы туралы мәлімет берілді. Кітапхана қызметкерлері «Ұлы елдің кішкентай білгірлері» атты танымдық викторина дайындап, балалардың Тәуелсіздік туралы білімдерін бекітті. Жас қатысушылар Отан туралы өлеңдерді мәнерлеп оқып, елге деген сүйіспеншілік пен құрметтерін көрсетті. Іс-шара мазмұнды түрде өтіп, балаларға ерекше әсер қалдырып, жаңа білім берді. Кездесу естелік фотосессиямен аяқталды.

Ж. КАЛИЕВА, Модельдік балалар кітапханасының маманы.



«Келешек» жүйесі: балаларға арналған 60 мың шот ашылды

«Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі аясында қанша салымшы тіркелді? Бұл сұраққа Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті жауап берді.

Бұдан бұрын Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жинақтау жүйесін енгізу жөніндегі заң жобасы әзірленген болатын. Оны Қазақстан Республикасының Парламенті талқылағаннан кейін Сенат «Келешек» ерікті жинақтау жүйесіне қатысты заңды мақұлдаған еді.

Бұл жүйе бойынша Қазақстанда, шетелде кәсіптік-техникалық, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу мақсатында қаражатты жинақтауға болады. Ағымдағы күнтізбелік жылы 5 жасқа толған балалар үшін салымдарды екінші деңгейдегі банктерде және өмірді сақтандыру компанияларында ашу мүмкіндігі беріледі. Мұның тартымдылығын арттыру ретінде салымшыларға мемлекеттен жыл сайынғы сыйлықақы беру, инвестициялық кіріс алу (бастапқы білім беру капиталын (60 АЕК), жыл сайынғы мемлекеттік сыйлықақы 5% және 7%, банктің сыйақысын немесе сақтандыру ұйымының инвестициялық кірісіорта есеппен 12% алады), салымға кепілдік беру, өндіріп алудан босатылу және оқу орнын таңдау бойынша шектеулердің болмауы мүмкіндіктері қаралған.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, «Келешек» жүйесі мемлекеттен бастапқы білім беру капиталын, мемлекеттік сыйлықақының жыл сайын төлеуді, инвестициялық табысты ескеріп отыр. Бұл жинақтар «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында қалыптастырылған қаражатпен бірге балаларға сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

«Келешек» алдында үш негізгі міндет тұр: білімге қолжетімділікті кеңейту; мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын бір бірыңғай жүйеге шоғырландыру; әрбір ата-ана баласының кішкентай кезінен бастап оқу траекториясын құра алатын жүйені құру.

Айта кету керек, «Келешек» – мемлекеттік қолдаудың қосымша шарасы және мемлекеттік гранттарды беруді алмастырмайды. Сонымен қатар, ол толығымен ерікті негізде болады.

«Келешек» салымдары екінші деңгейдегі банктерде және өмірді сақтандыру компанияларында ашылады, онда мемлекеттен жыл сайынғы сыйлықақылар, инвестициялық табыс, салымдарға кепілдік беру, сондай-ақ өндіріп алудан қорғау қарастырылған. Бастапқы білім беру капиталы 5 жасар балаларға бюджеттен бір рет 60 АЕК мөлшерінде, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін – 120 АЕК мөлшерінде есептелетін болады.

2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі аясында 59 862 шот ашылды, оның ішінде бес жастағы 8 046 балаға бастапқы білім беру капиталы төленді. Қараша айының басынан бастап шоттар саны 6177-ге өсті.

Жалпы алғанда, «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі балаларға жоғары білім алуға және ата-аналарға мемлекет тарапынан жәрдемдесу арқылы болашақта



өз балалары үшін білім алудың өзіндік стратегиясын құруға мүмкіндік береді.

Министрлік ақпаратына қарағанда, «Келешек» жүйесі салымшыларының көбейгені елімізде мемлекеттік білім гранттарының санын азайтпайды.

– «Келешек» – бұл мемлекеттік қолдаудың қосымша шарасы және мемлекеттік гранттар беруді тоқтата тұруды көздемейді. Сонымен қатар, ол толығымен ерікті негізде жүзеге асырылады, – деп аталып өткен ведомство мәліметінде.

Ғылым және жоғары білім министрлігі мәліметінше, мемлекеттік қолдаудың бұл шарасы Қазақстан балаларына 5 жас бастап 18 жасқа толғанға дейін елде және шетелде білім беру қызметтеріне, соның ішінде жоғары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қаржы қаражатын тұрақты жинақтау мақсатына арналған.

Бала 18 жасқа толғанша жыл сайын жарна салып, мемлекет пен банктердің сыйақылары мен бастапқы білім капиталын алып, 8-8,5 миллион теңге қаражат жинауға болады.

kaz.inform.kz.

Цифрлық жүйелер облыс тұрғындарының қауіпсіздігін арттыруда

Өңірде құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті күшейту бағытында бірқатар шаралар қабылданып жатыр. Негізгі басымдық цифрлық технологиялар арқылы құқық бұзушылықтарды ерте анықтау мен жедел әрекет етуге берілуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Полиция департаментінің УОБ бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ерболат Хусаинов мәлімдеді.

Оның айтуынша, құқық бұзушылыққа бейім азаматтармен, сондай-ақ әлеуметтік осал отбасылармен және кәмелетке толмағандармен мақсатты профилактикалық жұмыс жүргізілуде. Полицияның жергілікті атқарушы органдармен, білім беру ұйымдарымен және әлеуметтік қызметтермен өзара іс-қимылы күшейтілуде.

«Бүгінде құқық бұзушылықтарға тек әрекет ету ғана емес, олардың алдын алу аса маңызды. Цифрлық жүйелер қауіп-қатерлерді алдын ала анықтауға және шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік береді. Соның арқасында біз дер кезінде араласып, шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсете аламыз», – деп атап өтті Ерболат Хусаинов.

Жаңа нормалар профилактикалық есепке алу мен әкімшілік қадағалау тәртібін нақтылай отырып, азаматтардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, алкогольді ішімдіктерді тұтынуға және қоғамдық тәртіпті бұзуға байланысты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейтілуде. Сонымен бірге әлеуметтік және оңалту қолдауы шаралары да кеңейтілуде.

Цифрлық құралдарды енгізу нәтижесінде қылмыс деңгейін төмендету және тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру жоспарланып отыр.

* * *

Цифровые системы усиливают безопасность жителей региона

В регионе принимаются меры для профилактики правонарушений и повышения общественной безопасности. Основной упор делается на раннее выявление нарушений и быстрое реагирование с помощью цифровых технологий. Об этом на брифинге Региональной службы коммуникаций сообщил заместитель начальника УОБ ДП, полковник полиции Ерболат Хусаинов.

По его словам, ведется адресная профилактическая работа с людьми, склонными к правонарушениям, а также с социально уязвимыми семьями и несовершеннолетними. Усиливается взаимодействие полиции с местными органами власти, школами и социальными службами.

«Сегодня важно не просто реагировать на правонарушения, а предупреждать их. Цифровые системы помогают нам видеть риски заранее и быстрее принимать решения. Благодаря этому мы можем вовремя вмешаться и оказать помощь тем, кто в ней действительно нуждается», – отметил Ерболат Хусаинов.

Новые нормы уточняют порядок профилактического учета и административного надзора, при этом соблюдаются права граждан. Также усиливается ответственность за правонарушения, связанные с бытовым насилием, употреблением алкоголя и нарушением общественного порядка. Вместе с этим расширяются меры социальной и реабилитационной поддержки.

В результате внедрения цифровых инструментов планируется снизить уровень преступности и повысить доверие жителей к правоохранительным органам.

Безопасные праздники: чтобы не случилось беды...

При установке новогодних ёлок использовать только устойчивые подставки и располагать ёлку вдали от отопительных приборов; применять сертифицированные гирлянды заводского производства, не оставлять их включёнными без присмотра;

не перегружать электросеть и не использовать повреждённые удлинители и розетки;

не допускать использования открытого огня и пиротехнических изделий в помещениях;

особое внимание уделять безопасности детей.

Соблюдение правил пожарной безопасности в период новогодних праздников поможет сохранить жизнь, здоровье и имущество.

* * *

Отдел по ЧС Буландынского района настоятельно рекомендует:

регулярно проверять исправность печей, газового оборудования и дымоходов;

не закрывать вентиляционные отверстия и обеспечивать приток свежего воздуха;

не использовать неисправные или самодельные отопительные приборы;

не оставлять включённые газовые приборы без присмотра, особенно на ночь;

при появлении запаха газа или признаков отравления угарным газом немедленно проветрить помещение и вызвать экстренные службы.

Помните: угарный газ не имеет цвета и запаха и представляет смертельную опасность. Берегите себя и своих близких.

Отдел по ЧС Буландынского района.

ХАТТАР ҚОРЖЫНЫ – ПИСЬМА ЧИТАТЕЛЕЙ



Аға буынға құрмет – ұрпаққа өнеге

«Қарлы десант» акциясы аясында Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығының еріктілері жалғыз тұратын зейнеткерге көмек қолын созды.

Балалар үйдің аумағын қардан тазартты, тәртіп пен қауіпсіздікті ғана емес, шын жүректен көңіл, жылулық пен қамқорлықты да сыйлады.

Мұндай игі істер арамдыда әрқашан біреуге қолдау көрсетуге, көмектесуге және қандай да жұмысты сәл жеңілдетуге дайын адамдар бар екенін еске салары сөзсіз.

Еріктілік - бұл жай ғана көмек емес, бұл жүректен біріктіретін адамгершілік.

Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.

Жастар әлеуметтік маңызы бар акция өткізді



Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығының еріктілері аудан тұрғындары арасында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) бойынша ақпарат беретін акция өткізді. Іс-шара барысында тұрғындарға түсіндіру парақшалары таратылды, онда МӘМС артықшылықтары, қатысу тәртібі және медициналық көмек алу мүмкіндіктері туралы ақпарат қолжетімді және көрнекі түрде ұсынылды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС)

- бұл денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік мүдделерді қорғаудың мемлекеттік жүйесі. МӘМС Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматтарының жасына, әлеуметтік мәртебесіне, тұрғылықты жеріне, табысына қарамастан, тең дәрежедегі медициналық және дәрілік көмекті қамтамасыз етеді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру - бұл тұрғындарды ауру, жарақат, жұктілік, бала туу, мүгедектік, кәрілік жағдайындағы әлеуметтік қорғау үлгісі.

Көптеген дамыған елдер тұрмысы төмен, көмекке мұқтаж адамдарға ресурстарды қайта бөлуге мүмкіндік беретін МӘМС жүйесін таңдаған.

Акция халықтың медициналық және құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға бағытталған.

Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.

Заманауи әдіс-тәсілдерді қазақ тілі мен әдебиет пәндеріне енгізу жолдары

«Заманауи әдіс-тәсілдерді қазақ тілі мен әдебиет пәндеріне енгізу жолдары» тақырыбында Макинск қаласының № 1 ЖОББМ базасында аудандық семинар өз мәресіне жетті. Семинар тақырыбына сай көрме ұйымдастырылды. Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесіне қойылатын талаптар күн санап артып келеді. Бәсекеге қабілетті, ұлттық рухы жоғары, функционалды сауатты тұлға қалыптастыру - бүгінгі ұстаздардың басты міндеті. Осы тұрғыда қазақ тілі мен әдебиет пәндері оқушының тілдік құзыреттілігін дамытып қана қоймай, рухани-адамгершілік тәрбие беруде де маңызды рөл атқарады. Сондықтан аталған пәндерде заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану - білім сапасын арттырудың негізгі тетігі болып табылады. Аудан педагогтарының жас мамандары Г. Нағашыбай мен Г. Ергенбай «Жасанды интеллект - заманауи мұғалімнің көмекшесі» атты ұстаздармен практикалық жұмыста тәжіриберелермен алмасты. Тәжірибелі педагогтар: Г. Смағазмова, А. Менжасарова, С.Байымбетова, А. Қожахметов, Б. Төлеубаев. ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдана отырып, сабақтардың тиімділігін арттырудың маңыздылығын көрсетті. Аудандық әдістемелік кабинеттің әдіскері Ғалия Баитова модераторлар мен сарапшылар үшін аттестаттау ережелерін білу бойынша педагогтармен практикалық тапсырма өткізді.

Семинар соңында алғыс хат пен сертификаттар табыс етілді. Қорытындылай келе, заманауи әдіс-тәсілдерді қазақ тілі мен әдебиет пәндеріне енгізу - оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырумен қатар, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың тиімді жолы. Әрбір ұстаз өз тәжірибесінде жаңашылдықты шығармашылықпен қолдана отырып, сапалы білім мен саналы тәрбие беруге ұмтылуы тиіс.

